

Қазақстан Республикасы  
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы  
"Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Байғанин ауданының білім бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
"Қаражар орта мектебі"  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

## А Н Ы Қ Т А М А

Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі - Департамент) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2023 жылғы 16-20 қазан күндері аралығында мемлекеттік аттестаттау жүргізген болатын. Тексеру қорытындысына сәйкес мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 20 қазан № 119 хаттамасының шешімімен «Қаражар орта мектебі» КММ-нің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді деп танылды.

Осыған орай жіберілген кемшіліктер мен ескертулер тізбесінде көрсетілгендей бір педагогтің (Абиева С.К. – педагогикалық еңбек өтілі 13 жыл) мерзімді біліктілік санаты алынбағандығы атап көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген кемшілік бойынша мектеп директоры С.Ш.Қалиев түсініктеме берді.(түсініктеме қоса тіркеледі) Яғни, «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 0,5 ставкадағы үйірме жетекшісі және 0,5 тәлімгер қызметін атқарып жүрген А.Ж.Төлеубаеваның науқастанып қалуына байланысты оның жұмысын уақытша атқару үшін қажетті маман сұрап аудандық білім бөліміне сұраныс берілгендігі жөнінде, бірақ уақытша жұмыс болғандықтан сұраныс бойынша маман келмеуіне және білім беру ұйымында да уақытша алмастыратын музыкалық білімі бар маман болмауына байланысты Байғанин аудандық Бәкір Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебінің Қаражар елді мекені жанындағы филиалының сырнай үйірмесінің жетекшісі болып жұмыс жасап жүрген, музыка мамандығы бойынша жоғары білімі бар Абиева Самал Кайруллаевнаның 2021 жылдың 29 қарашасы күні № 52 бұйрық бойынша уақытша жасалынған шарт негізінде жұмысқа алынғандығы анықталды. Алайда С.К.Абиева педагог кадрлар есебіне алынбаған. Уақытша жұмысқа алынса да С.К.Абиевадан біліктілік санатын көтеру қажет екендігі уақытылы талап етіліп, жоспарға қойылған.Қазіргі таңда бұл маманның осы 2023-2024 оқу жылының қазан айынан бастап декреттік демалысқа кетуіне байланысты өз біліктілік санатын көтеруіне мүмкіндік болмай қалған. Алдағы уақытта С.К.Абиеваның тиісті деңгейдегі біліктілік санатын алуын мектеп басшысы ретінде С.Ш.Қалиев тікелей өз басшылығына алды..

Комиссия мүшелері:

*С.Ш.Қалиев*  
*Л.М.Шетеева*  
*А.Қ.Қартен*  
*А.Б.Кабиева*  
*Г.Қ.Жанкина*

С.Ш.Қалиев, комиссия төрағасы мектеп директоры  
Л.М.Шетеева, комиссия мүшесі, МДОІЖО  
А.Қ.Қартен, комиссия мүшесі, МДТІЖО  
А.Б.Кабиева, комиссия мүшесі, бастауып сынып  
мүгалімі  
Г.Қ.Жанкина, комиссия мүшесі, жаратылыстану  
пәндер бірлестігі жетекшісі

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне  
Байғанин ауданы «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры С.Ш.Қалиевтен

## ТҮСІНІКТЕМЕ

Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі-Департамент) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2023 жылғы 16-20 қазан күндері аралығында мемлекеттік аттестаттау жүргізген болатын. Тексеру қорытындысына сәйкес мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы 20 қазан № 119 хаттамасының шешімімен «Қаражар орта мектебі» КММ-нің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмейді деп танылды.

Осыған орай жіберілген кемшіліктер мен ескертулер тізбесінде көрсетілгендей бір педагогтің (Абиева С.К. – педагогикалық еңбек өтілі 13 жыл) мерзімді біліктілік санаты алынбағандығы атап көрсетілген.

«Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 0,5 ставкадағы үйірме жетекшісі және 0,5 тәлімгер қызметін атқарып жүрген А.Ж.Төлеубаеваның науқастанып қалуына байланысты оның жұмысын уақытша атқару үшін қажетті маман сұрап аудандық білім бөліміне сұраныс берілді.(сұраныс қоса тіркеледі) Алайда біздің елді мекен аудан орталығынан шалғайда орналасқаннан ба көп жағдайда қажетті мамандар келгісі келмейді. Өзіміздің білім беру ұйымында да уақытша алмастыратын музыкалық білімі бар маман болмады. Сондықтан Байғанин аудандық Бәкір Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебінің Қаражар елді мекеніндегі филиалының сырнай үйірмесінің жетекшісі болып жұмыс жасап жүрген, музыка мамандығы бойынша жоғары білімі бар Абиева Самал Кайруллаевна 2021 жылдың 29 қарашасы күні № 52 бұйрық бойынша уақытша жұмысқа алынды. Және де А.Ж.Төлеубаеваның сауығып жұмысқа қайта қосылуына байланысты 06.12.2021 ж.№ 53 бұйрық негізінде оған ары қарай 0,5 ставкадағы тәлімгерлік жұмысты атқару тапсырылып, ал 0,5 ставкадағы үйірме жетекшілігін уақытша жасалынған шарт негізінде атқару С.К.Абиеваға қалдырылды. Бірақ педагог кадрлар есебіне алынған жоқ, штатта болмады Уақытша жұмысқа алынса да С.К.Абиевадан біліктілік санатын көтеру қажет екендігі талап етілді және жоспарға қойылды. Алайда бұл маманның осы 2023-2024 оқу жылының қазан айынан бастап декреттік демалысқа кетуіне байланысты өз біліктілік санатын көтеруіне мүмкіндік болмай қалды. Алдағы уақытта С.К.Абиеваның тиісті деңгейдегі біліктілік санатын алуын тікелей бақылауға аламын.. Жіберілген кемшілік жойылады.

Мектеп директоры:  С.Ш.Қалиев



Қазақстан Республикасы  
Ақтебе облысы, Байғанин ауданы  
"Ақтебе облысының білім басқармасы  
Байғанин ауданының білім бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
"Бәкір Тәжібаев атындағы балалар музыка  
мектебі"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны  
Шығанақ № 20  
«02» 04 2014ж.

### Анықтама

Берілді осы анықтама Абиева Самал Кайруллаевнаға,  
себебі ол 2011 жылдан бастап Байғанин ауданы, Б.Тәжібаев атындағы балалар  
музыка мектебінің Қаражар елді мекеніндегі филиалында сырнай үйірмесінің  
жетекшісі болып тұрақты жұмыс жасайды.

Мектеп директоры:



Елеуова Г.К.

Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Байғанин аудандық білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің  
«Қаражар орта мектебі»КММ



Управление образования  
Актюбинской области отдел  
образования Байганинского района  
КГУ «Қаражарская средняя школа»

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**


29 қараша 2021 жыл

№ 52

Қаражар ауылы

0,5 ставкадағы үйірме жетекшісі және 0,5 тәлімгер А. Төлеубаеваның науқастанып қалуына байланысты оның жұмысын уақытша атқару үшін музыкалық білім мамандығы бойынша жоғары білімді Абиева Самал Хайруллаевнаны уақытша шарттасу арқылы жұмысқа аламын.

«Қаражар орта мектебі» КММ – нің директоры: С.Ш.Қалиев



Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Байганин аудандық білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің  
«Қаражар орта мектебі»КММ



Управление образования  
Актюбинской области отдел  
образования Байганинского района  
КГУ «Қаражарская средняя школа»

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

6 желтоқсан 2021 жыл

№ 53

Қаражар ауылы

§ 1

Мұғалім Г.Ғ. Сергееваның сауығып өзінің жұмысына қосылуына байланысты оның апталық жүктемелерін уақытша атқарған Г. Балдзақты оның жүктемелерін атқарудан босатамын.

§ 2

А. Төлеубаеваның сауығып жұмысқа келуіне байланысты оған ары қарай 0,5 ставкадағы тәлімгерлік жұмысты атқаруды тапсырып ал 0,5 ставкадағы үйірме жетекшілігін уақытша жасалынған шарт негізінде атқаруды музыкалық білім мамандығы бойынша жоғары білімді Абиева Самал Хайруллаевнада қалдырамын.

«Қаражар орта мектебі» КММ – нің директоры



Ш.Қалиев



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

15 қыркүйек 2023 жыл

№ 41

Қаражар ауылы

0,5 ставкадағы тәлімгер және 0,75 ставкадағы көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі С.Қ. Абиеваның 15.09.2023жыл - 18.01.2024жыл аралығына декреттік демалысқа шығуына байланысты оның апталық жүктемелерін атқаруды төмендегі ретте бөлемін:

- 0,5 ставкадағы тәлімгер - Насыров Азаматқа
- 0,5 ставкадағы үйірме жетекшісі - Майлыбаева Аягөзге
- 0,25 ставкадағы үйірме – Түйебаева Динаға

« Қаражар орта мектебі» КММ – нің директоры



С.Ш.Қалиев

Қарағандық орта мектептің  
директорының м.а. Л. М. Шетеевтың  
қайырымдылығымен С. Қ. Абишевтің

Арғы

2024 жылдың 19-қаңтарынан бастап  
осы оқу жылының аяқталуына  
дейін бала күтіміне байланысты  
суббота күні демалыс берудің сұраймын.

Арғы жері : АЖ- Абишев С. Қ.

19.01.2024 жыл

Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Байғанин аудандық білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің  
«Қаражар орта мектебі»КММ



Управление образования  
Актюбинской области отдел  
образования Байганинского района  
КГУ «Каражарская средняя школа»

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

19 қаңтар 2024 жыл

№ 04

Қаражар ауылы

Педагогикалық қызметкерлерінің  
бала күтуге байланысты демалысқа  
шығуы туралы

Үйірме жетекшісі және тәлімгер С.К.Абиеваның жазбаша берген арызын негізге ала отырып, 2024 жылдың 19-қаңтарынан бастап бала күтіміне байланысты демалысқа шығарамын .

«Қаражар орта мектебі» КММ – нің директоры м.а:



Л.М.Шетеева